

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ
МИНИСТРЛІГІ



Ілияс Есенберлин
атындағы №15 орта
мектебі

“Халықаралық зерттеулер және олардың маңызы”

Ақтөбе қ., 2023 жыл

PISA, TIMSS, PIRLS зерттеулеріне оқушыларды дайындаудың жолдары



ҚАТЫСУШЫ ЛАР	ЗЕРТТЕУ	ТИПІ	ЦИКЛ	ҚАТЫСУШЫ ЛАР	ПӘНДЕР	МАҚСАТ
4 сынып	МОДО	Бағалау	Жыл сайын	Іріктеу	Математика, оқу және жаратылыстану	Оқу бағдарламаны меңгеру. Білім беру ұйымдарға әдістемелік ұсынымдар
9 сынып						
9 сынып	Қорытынды аттестаттау	Емтихан	Жыл сайын	Барлығы	3 міндетті 1 таңдау үшін	Оқу бағдарламасын меңгеру. Аттестаттау
11 сынып				Барлығы	4 міндетті 1 таңдау үшін	Оқу бағдарламасын меңгеру. Аттестаттау
4 сынып	TIMSS	Бағалау	4 жылда бір рет	Іріктеу	Математика және жаратылыстану	Жүйенің мониторингі
8 сынып						
4 сынып	PIRLS	Бағалау	5 жылда бір рет	Іріктеу	оқу	Жүйенің мониторингі
8 сынып	ICILS	Бағалау	5 жыл	Іріктеу	АКТ	Жүйенің мониторингі
9-10 сынып	PISA	Бағалау	3 жылда бір рет	Іріктеу	Математика және жаратылыстану	Жүйенің мониторингі
9-10 сынып	Мектептерге	Бағалау	Жыл сайын	Іріктеу	Математика және жаратылыстану	Жүйенің мониторингі. Мектептерге оқу бағдарламасын меңгеру.

PISA дегеніміз не?

PISA – халықаралық студенттерді бағалау бағдарламасы. PISA 15 жастағы балалардың оқу, математика және жаратылыстану білімдері мен дағдыларын өмірдегі мәселелерді шешу үшін пайдалана білу қабілетін өлшейді.



Мектептерге арналған PISA негізіндегі тест

Мектептерге арналған PISA негізіндегі тест мектеп деңгейіндегі нәтижелерді бағалауды және оқушылардың сауалнамаларынан жиналған оқу ортасы мен оқушылардың қарым-қатынасы туралы ақпаратты береді.

Халықаралық оқушы қабілетін бағалау бағдарламасы (ағылш. Programme for International Student Assessment, фр. Programme international pour le suivi des acquis des élèves, қысқаша PISA) — Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) 2000 жылдардан бері үш жылда бір ұйымдастыратын әлем елдері арасында 15 жастағы оқушылардың функционалдық сауаттылығын тексеру мен бағалаудың халықаралық бағдарламасы.


PISA жобасы тексерудің үш бағытының (матемтаика, ғылым, оқу) біріне айырықша мән беріп, үш жылдық кезеңмен жүргізіледі.

PISA жобасының оқушылардың функционалдық сауаттылығын бағалау басыңқылығы үш бағыт бойынша жүреді. Олар оқу біліктілігі, математика және жаратылыстану ғылымдарындағы біліктілік. PISA зерттеуінде ойлау, дәйектеу, мәселе (сұрақ) қоя білу және шеше білу, модельдеу, нәтижелерді ұсынудың түрлі әдістерін пайдалану секілді қабілеттер бағаланады. Осылайша, халықаралық емтиханға қатысушылардың оқу біліктілігі әрекеттің үш оқу-танымдық түрі бойынша анықталады. Олар жаңарту, қолдану және пайдалану.

Салыстырмалы мәлімдемелерде статистикалық мәні бар айырмашылықтар 95% сенімділік деңгейінде ұсынылады. ЭЫДҰ-ға қатысушы мемлекеттердің нәтижелері орташа 500 балмен және шамамен 100 балдық стандартты ауытқумен беріледі.

2018 жылдың негізгі бағыты 2009 жылдағыдай оқу сауаттылығы болды. 2015 және 2006 жылдары негізгі бағыт жаратылыстану сауаттылығы болса, ал 2003 және 2012 жылдары математикалық сауаттылық негізгі бағыт ретінде қарастырылды (және 2022 жылы да негізгі бағыт болады).

	 Оқу сауаттылығы	 Математикалық сауаттылық	 Жаратылыстану сауаттылығы
Сіздің колледжіңіздің орта көрсеткіші	361 Қазақстан нәтижелеріне қарағанда төменірек  387  487	390 Қазақстан нәтижелеріне қарағанда төменірек  423  489	369 Қазақстан нәтижелеріне қарағанда төменірек  397  489
Гендерлік айырмашылықтардың көрсеткіштері	 Қыздар ұлдардан жоғары 36 балға	Қыздар мен ұлдар бірдей көрсеткіштер көрсетеді	Қыздар мен ұлдар бірдей көрсеткіштер көрсетеді
Әлеуметтік-экономикалық айырмашылықтардың көрсеткіші	Әлеуметтік-экономикалық жағдайы жоғары және төмен оқушылар бірдей көрсеткіштер көрсетеді	Әлеуметтік-экономикалық жағдайы жоғары және төмен оқушылар бірдей көрсеткіштер көрсетеді	Әлеуметтік-экономикалық жағдайы жоғары және төмен оқушылар бірдей көрсеткіштер көрсетеді
Оқушының құштарлығы мен сезімдері	 76% Жаратылыстану пәнінің болашақта қажет болатындығына сенеді.  30% Мұғалімдердің үлгерімі нашар оқушыларға жеке көмек көрсетіп жатқандықтарын бақылайды.  16% Сыныбында шу мен тәртіпсіздіктің орын алатынын айтады.		
Әлеуметтік және эмоционалды дағдылар	Әлеуметтік және эмоционалды дағдылар, сонымен қатар өмірлік нәтижелердің арасындағы айтарлықтай байланыс байқалады:  Сыныптағы тәртіп ахуалы ↔  Өзін-өзі бақылау  Оқушылардың өз денсаулықтарын ұғынуы ↔  Өзін-өзі бақылау  Оқушылардың жалпы өмірге деген қанағаттанушылығы ↔  Әуестік		



TIMSS дегеніміз не?

- TIMSS (Trends in International Mathematics and Science Study)
- Үйлестірушісі IEA (International Association for the Evaluation of Educational Achievement) оқушылардың оқу жетістіктерін бағалайтын Халықаралық қауымдастығы болып табылады.

Халықаралық TIMSS (Trends in Mathematics and Science Study) зерттеуі оқушылардың математика және жаратылыстану бағытындағы пәндерден білім жетістіктерін анықтауды мақсат етеді. Зерттеу оқушылардың қабілеттерін емес, ол оқу барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білу қабілеттерін бағалауға бағытталған. Халықаралық TIMSS зерттеуі 1995 жылы басталып, төрт жылдық кезеңмен (1995, 1999, 2003, 2007, 2011, 2015, 2019, 2023) өткізіледі.

Қазақстанда бұл зерттеуді алғаш рет 2007 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне қарасты «Ұлттық білім беру сапасын бағалау орталығы» өткізеді.

Зерттеудің негізгі әдіс-тәсілі – сауалнамалар жүргізу және тестілер алу. Оған бастауыш мектепті, яғни 4-сыныпты және 8-сыныпты бітірген оқушылар қатысады.

TIMSS халықаралық зерттеуінің мақсаты – әртүрлі елдердегі білім жүйесі мен орта мектеп оқушыларының жаратылыстану-математикалық дайындық деңгейін салыстырмалы бағалау және осы дайындық деңгейіне әсер ететін факторларды анықтау.

TIMSS халықаралық зерттеуінің негізгі міндеті – білім саласындағы әлемдік артықшылықтарды көрсететін объективті өлшемдер шегіндегі құралдары негізінде алынған нәтижелерді талдау және білім саясатына қажетті ғылыми дәлелденген қорытындылар жасау.

TIMSS халықаралық зерттеу негізгі екі бағыт бойынша жүзеге асады: «математика» және «ғылыми-жаратылыстану», сонымен қатар оқушылардың жалпы оқуды меңгеруі және зияткерлік қабілетін бағалауға ерекше көңіл бөлінеді

TIMSS зерттеуіне тест тапсырмалар



Бір дұрыс жауапты таңдай отырып, тапсырмалар

Бір қате жауапты таңдау арқылы тапсырмалар

Дұрыс жауаптарды бірнеше рет таңдаған тапсырмалар

Тапсырмаларды сәйкестендіру

Дұрыс реттілікті орнатуға арналған тапсырмалар

Қосымша тапсырмалар

Еркін презентацияға арналған тапсырмалар

PIRLS дегеніміз не?

PIRLS зерттеуі – бастауыш сынып оқушыларының мәтінді оқу және түсіну сапасын зерттеуге арналған. Зерттеу кезінде білім алушылардың жетістігі мен қатар бағдарламаға қатысатын елдердің ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік беретін факторлар қарастырылады. PIRLS зерттеуінің мақсаты әртүрлі әлем елдерінің бастауыш сыныптарының мәтінді түсіну деңгейлерін сәйкестендіру және ұлттық білім жүйесінің оқу сауаттылығын ашудағы ерекшеліктерін анықтау болып табылады.

PIRLS зерттеуі мынадай міндеттерді шешуге бағытталады:

- Білім беру саласында әлемдік басымдылықтарда көрініс тапқан құралдар негізінде алынған нәтижелердің талдауы нақты өлшеуіштермен белгіленуі;
- Білім беру жүйесінің салыстырмалы бағасы және олардың тиімділігі;
- Зерттеу қорытындысына әсер ететін контекстегі дәйектемелерді анықтау;
- Ғылыми дәлелденген әлемдік ақпараттық қауымдастықтың мәліметтерін алу;
- Тәуелсіз елдер нәтижесін, сонымен қатар білім саясатын жақсарту нұсқауын зерттеуге қатысушыларға ұсыну.

PIRLS зерттеуіндегі мәтіндер түрлері



көркем әдебиет - әдетте
күлкілі оқиға, сипаттама
немесе ертегі



ақпараттық (көбінесе
жануарлар туралы әңгіме)



Әр мәтінге 12-15 тапсырма сұрақтары
қоса беріледі. Оқушыларға екі түрлі
тапсырма беріледі

Назарларыңызға рахмет!